

## Тақырыбы: Тіл тірегіміз –соғып тұрған жүргегіміз!

Мақсаты: Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдылық қабілетін арттыру. Тілді күрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттар, слайд Пәнаралық байланыс: Тіл дамыту, көркем әдебиет, ән-құй Әдіс-тәсілдер: аралас, түсіндіру, сұрап-жауап.

Тәрбиеші: Балалар, бұғын ерекше күн екен. Біздің сабагымыздың көптеген қонақтар келіп отыр. Олай болса, балалар, қонақтар мен амандастып алайыл.

Арайлап таң атты, Алтын шуақ таратты.

Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, апайлар!

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай  
тату-тәтті доспыз.

Қане, бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар: Күніміз жарық болсын. Аспанымыз ашық болсын. Деніміз сау болсын.

Еліміз тыныш болсын. Досымыз көп болсын. Балабакшамыз жайнап тұрсын. Нанымыз көп болсын.

Тәрбиеші: Ия, балалар, осындай жақсы көніл-күйімізден орындарымыздың жайғасайық. Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Олай болса ерекше күн деп есептеп, тақырыбымызды «Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүргегіміз», - деп бастайык.

Мақсатым балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдылық қабілетін арттыру. Тілді күрметтей білуге тәрбиелеу.

Ғажайып сәт. Есік қағылыш, ішке шет мемлекеттен қонақ келді. Ол біздің елімізге ұшакпен жетіпті. Оның арманы біздің еліміз туралы көп білгісі келеді екен.

-Сәлеметсіндер ме балалар?

-Балалар, бұл кай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала? -Астана қаласы -Мен сендердің мемлекеттерін туралы толығырақ білсем деп отырмын. Сендер маган көмектесесіндер ме?

-Ия, көмектесеміз.